

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Латын қаріпі өркениетке деген бағыт

ЖАРИЯЛАНДЫ
24.06.2019СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/58575/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру үрдісінің ерекшеліктеріне байланысты.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев

Латын қаріпіне көшу – заман талабы, өркениетке бағытталған қадам. Латын қаріпіне көшудің маңызы мен мәні айрықша, ол бүгінде әлем бойынша қолданысқа ие екенін сөз басына тиек етсек. Латын қаріпі б.з.б VII ғасырда Римде грек және этрус әліпбиінің тармағы ретінде пайда болып, б.з I ғасырда қалыптасқан. Орта ғасырда латын қаріпі Еуропаға тарады. Африка, Америка және Азия елдерінде пайдаланыла басталды. Ал біздің Ұлы даланың тарихына көз жүгіртсек, ағартушы педагог, ғалым А.Байтұрсынұлы латын қаріпін жазу-сызуда қолданды. Және ағартушы, педагог ХХ ғасырдың басындағы коммуникациялық үдерістен туған ойын алсақ, ол: «Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білу керектігі одан да артық» — деп латын қаріпін жазуда да сөйлеу де аса қажет екенін көрсетіп кеткен тәрізді. Сондықтан да латын әліпбиіне көшу біз үшін тансық дүние болмасы анық. Мен білім саласының қызметкері, әрі тіл болашағының жанашыры ретінде латынға көшудегі ойым оң көзқараста. Заман қарқынына ілесу әсіресе білім саласы үшін маңызды дүние. Латын қаріпі қазақ тілімізді одан әрі жамытуға, жақсартуға алып келсе, яғни ел дамуының жаңа сатысы болмақ деген сөз. Тіл — ол қашанда ұлттың қазынасы. Тәуелсіздігіміздің – тірегі. «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту, — бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту» — деп батыр бабамыз Б.Момышыұлы айтқандай, тіл – мемлекетіміздің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен бүгінгі күнінің айнасы. Ендеше тілімізді

рухани байлықтың көзі ретінде сақтау үшін латын қаріпіне көшу ең дұрыс шешім болары сөзсіз. Бұл болашаққа деген батыл қадам, елімізді төрткүл дүниеге танытудың бастамасы, тіліміздің болашағы үшін жасалған ғылыми маңызды шара деп білеміз. Алайда қоғамда латын әліпбиіне көшуді қолдамай қойғандар да кездесері анық және қалыпты жағдай. Дегенмен «көз –қорқақ, қол –батыр» деген қазақта сөз бар, бұл істі жүзеге асыру барысында ойымыз бір жерден шығып, бір бағытта жұмыла жұмыс атқарсақ алынбайтын қамал жоқ. «Қыран құстың биікке самғап ұшуы үшін оған уақыт пен бап керек» — деген даналық бар. Үлкен уақыт пен аса ұқыптылықты талап ететін бұл жұмыс өз қарқынымен жүзеге аспақ.

Мен осы тұста өз мамандығымды қадыр тұтатын, өз елімнің қамын ойлайтын адам ретінде латын әліпбиіне көшу үшін бар іс-шараның басы қасында жүріп өз міндетімді атқаруым керек. Ол үшін болашақ ұрпаққа білім мен тәрбие көзі болған мектептен латын әліпбиіне көшуді бастау. «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтауымен оның мұғалімдігі де жойылады» — деген К.Д.Ушинскийдің сөзімен сөзсіз келісемін. Біздер ұстаздар қауымы, үнемі жаңашылдыққа ұмтылып, ізденуден жалықпаймыз. Ұрпағымыз білімді, шығармашылықты қажет етеді. Сонда ғана білімді ұрпақ еліміздің болашақ иесі болары хақ. Сол білімді болашақты қалыптастыру үшін жаңашыл идеялар мен әдістерді, «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» негізінің бірі – бәсекеге қабілеттілікті, латын әліпбиіне көшуді негізге алуымыз керек. «Ел бүгіншіл менікі – ертең үшін» дегендей, бүгінгі таңдағы жүзеге асырылып жатқан дүниенің бәрі тек бүгінгі күн үшін емес, болашақ үшін жасалып жатқан игілік. Латын қаріпіне көшу- Мәңгілік елдің рухани жаңғыруының басы. Ел үшін қабылданған шешімге қолдау көрсету әрбір қазақстандықтардың міндеті, жүзге асыру абыройы деген ойдамын. Елбасы алға қойып отырған міндеттерді іске асыруда, біз – ұстаздар соның ішінде жас ұстаздар бұл іс-шаралардың бел ортасында жүріп, елімізді көркейте түсуге міндеттіміз. Алға қойылған мақсаттар айқын, сол жолда аянбай тер төгіп еңбек ету жаңа бастамаларға қолдау көрсету біз үшін абырай. Бүгінгі ұрпақ ынталы, дарынты және талапты өз ойлары бар жастар. Дәл осындай жастардың күш біріктіруімен біз үлкен белестерді бағындыра аламыз.

Нұра ЖОББ мектебінің аға тәлімгері

Уайділда Айкерім

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.